

**2016-2019 жылдарға арналған «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасының
Жаңақорған ауданы бойынша мақсатты
индикаторлары мен көрсеткіштерінің орындалуы**

2018 жылы Жаңақорған ауданы денсаулық сақтау саласының бюджеті 2156640,0 мың теңгеге жетті, оның ішінде республикалық бюджеттен 2063667,7 мың теңге, облыстық бюджеттен 92972,2 мың теңге. Сондай-ақ медицина қызметкерлерін көтермелеу бағытындағы төлемақы бойынша (СКПН) 80691,6 мың теңге қаржы қаралды.

Емдеу және алдын алу ұйымдарындағы мамандарды қайта даярлау және біліктілігін арттырудың 2016-2018 жылдарға арналған перспективалық жоспарына сәйкес 2018 жылдың 6 айында 16 дәрігер, 48 орта буын медицина қызметкерлері білімдерін жетілдірді.

Жаңақорған ауданы бойынша БМСК-ны жетілдіру жөніндегі Жол картасы бойынша тиісті бөлімдер қажетті медициналық құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілді. Атап айтқанда тәулік бойында науқастың артериалды қысымын өлшейтін (СМАД) және 6 адамға арналған Холтермониторинг, Хофман аппараты, Автоматтандырылған бесконтактный тонометр, Аудиометриялық кабина, Көз ауруларын тексеретін УЗИ аппараты, компьютерлік жиынтықтар және т.б. медициналық құрал-жабдықтар алынды. Денсаулық мектептерінің жұмысы жете қолға алынып, профилактика және психоәлеуметтік көмек бөлімі ашылды. Жол картасына байланысты емхана жанынан амбулаториялық-хирургия кабинеті жабдықталды. БМСК бойынша Жол картасының басым бағыттарының бірі саналатын кешенді медициналық ақпараттандыру жүйесіне сәйкес науқастардың электронды денсаулық паспортын әзірлеу бойынша нақты шаралар қабылданып, дәрігердің қабылдауына жазылу, еңбекке жарамсыздық парағын беру, патронаждық актив жұмыстары электронды негізде жүзеге асырылуда.

2018 жылдың 6 айында аудан бойынша 866 бала дүниеге келіп, туу көрсеткіші 11,7 (2017 жылдың 6 айында 875/11,8), табиғи өсім көрсеткіші – 4,3 промилльді құрады. Сондай-ақ бүгінгі таңға дейінгі тіркелген өлім-жітімнің жалпы саны 150/2,0 (2017ж 6 ай 175/2,1) көрсеткішті құрап отыр. Былтырғы жылмен салыстырғанда 0,1 промилльге төмендеген. Соңғы 3 жыл көлемінде ана өлімі тіркелген жоқ.

Ағымдағы жылдың 6 айында жалпы дәрігерлік қабылдау саны 189721 құраса, 1 тұрғынға шаққанда 2,6 (2017ж. бай 191237-2,6), өткен жылмен салыстырғанда бір деңгейде. Есепті кезеңде ауданда тіркелген жалпы сырқатшылық 37487. Тұрғындар арасында жиі тіркелген аурулар: қан айналым жүйесі, тыныс-алу жүйесі, несеп-зәр шығару жүйесі, эндокриндік және асқорыту жүйесі аурулары.

«Халықтың нысаналы топтарын профилактикалық медициналық тексеру, жүргізу ережесін бекіту туралы» 2017 жылғы 25 желтоқсандағы № 995 бұйрығына сәйкес «Әлеуметтік мәні бар ауруларды ерте анықтау бойынша скринингтік тексеру жүргізудің тиімділігін арттыру» мақсатында ҚР ДСМ-ң № 361 бұйрығына сәйкес жоспарланған 29570 баланың 20283-і немесе 68,6 пайызы қамтылып, анықталған 4151 науқас баланың 1649 сауықтырылды.

Жаңақорған ауданы бойынша жалпы төсек қоры 200-ді құрады. Ағымдағы жылдың 6 айында ауруханаға жатқызылған науқас саны - 4288, яғни өткен жылдың осы мерзімімен салыстырғанда 286 науқасқа артып, 7,1 пайызды құрады.

2018 жылдың 6 айында жалпы мүгедектікпен есепке алынғандар саны 425 (2017 ж 364), оның ішінде ересектер - 292, балалар - 133. Ересектер бойынша алғаш рет мүгедектікке шыққан 71 (2017ж-69) азаматтың I топтағысы 13, II топтағысы 29, III топтағысы 29. Мүгедектікке шыққан науқастар қажеттілігіне қарай республикалық, облыстық және аудандық емдеу-сауықтыру мекемелеріне жолданып, тиісті көмектер көрсетіліп, емдеу сауықтыру жұмыстары жүргізілуде.

Емдеу және алдын алу ұйымдары бойынша 2018 жылдың 6 айында 21266 мемлекеттік қызмет көрсетілді, оның ішінде «электронды үкімет» www.e.gov.kz веб-порталы арқылы 9259 қызмет ұсынылды. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер барысында тұрғындардың электронды түрде дәрігердің қабылдауына жазылуы мен дәрігерді үйге шақырту бойынша жұмыстар әлі де өз

деңгейінде жүргізіліп жатқан жоқ. Бұл кемшіліктер тұрғындардың көпшілігінің интернет желісін үй жағдайында қолдана алмауы салдарынан болып отыр.

Аудан бойынша МӘМС жүйесін тұрғындар арасында насихаттау мақсатында аудан әкімінің 2018 жылғы 5 сәуірдегі №596-ө өкімімен жұмысшы топ құрылып, жұмыс жоспары бекітілген және аудан орталығы мен елдімекен тұрғындары арасында, сондай-ақ өндіріс орындары мен халыққа қызмет көрсету орталықтарында, сауда орындарында ақпараттық-түсіндірме жұмыстары жүргізілуде. 2018 жылдың қаңтар айында 31 түсіндіру жиыны, ақпан айында 23 түсіндіру жиыны, наурыз айында 13 түсіндіру жиыны өткізілсе, сәуір-мамыр айларында 56 түсіндіру жиындары өткізіліп, 43111 тұрғын қамтылды. 2018 жылдың маусым айында облыстық ақпараттық-түсіндірме тобының өкілдері тарапынан ауданымызда 26 кездесулер ұйымдастырылып, 2970 тұрғын қамтылды. Мамыр-маусым айларында МӘМС жүйесі бойынша медицина қызметкерлері арасында 4 оқытылым сағаттары ұйымдастырылып, оқытылым сағаттарына 210 медицина қызметкерлері тартылды.

Халық денсаулығын жақсарту мақсатында және Елбасымыздың «Ұлт Жоспары – 100 нақты қадам» стратегиясы мен 2018 жылғы 10 қаңтардағы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына арнаған Жолдауынан туындайтын міндеттерді іске асыру, сондай-ақ 2016-2019 жылдарға арналған «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасының мақсатты индикаторлары мен негізгі көрсеткіштеріне қол жеткізу үшін тиісті жұмыстар жалғаса беретін болады.

2016-2019 жылдарға арналған «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасының негізгі индикаторлық көрсеткіштері

Міндеттер	№	Көрсеткіштер және іс-шаралар	Жылдар			
			2016 нақты	2017 нақты	2018 жоспар	2018 6 ай нақты
1. Бағдарламаның нысаналы көрсеткіштеріне қол жеткізуді қамтамасыз ету	1	Күтілетін өмір сүру ұзақтығы	70,1	70,9	71,0	70,9
	2	Жалпы өлім-жітім (1000 адамға шаққанда)	4,4	3,8	4,9	2,0
	3	Ана өлім-жітімі (тірі туған 100 мың адамға шаққанда)	0	0	0	0
	4	Нәресте өлім-жітімі (тірі туған 1000 балаға шаққанда)-қайтыс болу орны бойынша	5,9	7,3	7,2	5,7
	5	Қан айналым жүйесінің ауруларынан болатын өлім-жітім (100 мың халыққа шаққанда)	111,6	85,6	110,0	39,3
	6	Онкологиялық аурулардан болатын өлім-жітім (100 мың халыққа шаққанда)	55,4	42,1	55,7	27,1
	7	Жарақаттанулардан, жазатайым оқиғалардан және уланулардан болатын өлім-жітім (100 мың халыққа шаққанда)	27,9	16,3	20,0	13,5
	8	Туберкулез микобактериялары бар (МБТ) (+) (%), алғаш рет анықталған	83,7	71,4	85,0	

		сезгіш туберкулезбен ауыратындарды емдеп шығару көрсеткіші				
	9	0,2-0,6 (%) шегінде 15-49 жас шамасындағы топта АИТВ-инфекциясының таралуын ұстап тұру	0	0,003	0,003	0
2. • Емханадағы кезектілік ті төмендету • Амбулаториялық-емханалық көмектің қолжетімділігі мен сапасы	10	Қабылдауға, электрондық кезекке немесе бірыңғай облыстық электрондық СаПІ-орталығының көрсетілетін қызметтеріне жазылуды енгізген медициналық ұйымдар	+	+	+	+
	11	БМСК ұйымдарының жұмыс сағаттарында созылмалы аурулары бар науқастарға шақырулардың үлесін төмендету (шақырулардың жалпы санынан %)	16,2	14,6	24,0	24,0
	12	Амбулаториялық буындағы дәрігерлерге жүгінулердің жалпы санына БМСК дәрігерлеріне жүгінулердің үлесін ұлғайту %	64,3	53,4	56,8	49,8
3. Жедел кезек күттірмейтін көмектің қолжетімділігін қамтамасыз ету	13	Пациентке дейін жету кезінде жедел көмек бригадаларының кідіріп қалу пайызын азайту %	0,3	2,1	1,4	0,9
4. Стационарлық көмекті сапалы ұйымдастыруды қамтамасыз ету	14	Стационарлық көмекті тұтыну деңгейін төмендету (1000 халыққа шаққанда)	98,0	102,6	98,0	27,2
	15	Стационарға жоспарлы емдеуге жатқызу пайызын ұлғайту %	28,0	28,3	30,0	30,0
5. Медициналық көмек көрсетудің сапасына азаматтардың негізделген жүгінулер санын төмендетуді қамтамасыз ету	16	Медициналық көмек көрсету сапасының мәселелері бойынша халықтың негізделген жүгінулер көрсеткіші (100 мың халыққа шаққанда)	3,6	1,3	4,0	0
	17	Өңірде медициналық қызмет көрсету мәселелері бойынша денсаулық сақтау саласындағы орталық мемлекеттік органға халықтың жүгінулер санын жыл сайын төмендетуді қамтамасыз ету (өткен жылға жүгінулер санынан кемінде 5 пайызы)	3	2	4	1
	18	Уақытылы дәрімен қамтамасыз ету	+	+	+	+
	19	Әрбір медициналық ұйымда клиникалық фармаколог штаттық бірлігінің міндетті түрде болуын қамтамасыз ету	+	+	+	+
6. Кадр тапшылығын төмендетуді қамтамасыз ету	20	Дәрігер кадрлардың тапшылығын төмендету (адам)	15	9	4	1
7. Жүйе ресурстарын	21	Медициналық ұйымдардағы ұйымдастырушылық техниканы (компьютерлер, серверлер және	20	20	20	20

дамытуға бағытталған іс- шараларды іске асыру		басқалар) жыл сайын жаңарту %				
	22	Облыстың медициналық ұйымдарында локальді ақпараттық жүйелерді енгізу%	30	50	70	70
	26	Туберкулезбен ауыратын науқастарды әлеуметтік қолдауға бөлінетін қаражаттың үлес салмағы	3,8	3,9	3,9	3,9